

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 139 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 8-бабы 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" № 378 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2024 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 139 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің сыныптауышында (2-қосымша):

а) 172 және 173 кодтары бар позициялар мынадай редакцияда жазылсын:

"172	Аумақтық оқшауланған кешенді ("Сколково" инновациялық орталығын) құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жобасына қатысушылардың зерттеу қызметін жүзеге асыру және нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында әкелінетін, оларға қатысты кедендік әкелу бажын және қосылған құн салығын төлеу жөніндегі шығындарды өтеуге субсидиялар берілетін тауарлар (акпизделетін тауарларды қоспағанда) (Ресей Федерациясы үшін)
173	172 кодымен көрсетілген тауарларды қоспағанда, аумақтық оқшауланған кешенді ("Сколково" инновациялық орталығын) құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жобасын іске асыру мақсатында өткізілетін тауарлар (Ресей Федерациясы үшін)";

б) 206 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

--	--

"207	Аумақтық оқшауланған кешеннің ("Сколково" инновациялық орталығының) жер учаскелерінде орналасқан халықаралық медициналық кластер аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін салу, жабдықтау және техникалық жарақтандыру кезінде пайдалану мақсатында өткізілетін немесе аталған медициналық кластер қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар (Ресей Федерациясы үшін)".
------	--

2. Кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер сыныптауышында (7-қосымша):

а) 1.1-кіші бөлім ГМ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"ЕАЭО СЭҚ ТН 4413 00 000 0 және 8535 90 000 8 кодтарымен сыныпталатын, трансформаторлар өндіруге арналған және Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату	ТТ
ЕАЭО СЭҚ ТН 8407 90 900 9, 8418 69 000 8, 8481 10 190 8, 8481 10 990 8, 8481 30 910 8, 8481 30 990 8, 8481 40 100 0, 8481 40 900 9, 8481 80 599 0, 8481 80 639 0, 8481 80 690 0, 8481 80 739 9, 8481 80 790 0, 8481 80 819 9, 8481 80 850 8, 8481 80 870 0, 8481 80 990 7, 8505 11 000 0, 8505 19 900 0, 8505 90 200 9 және 8505 90 900 0 кодтарымен сыныпталатын және аз тонналық сұйытылған табиғи газды өндіру және өткізу объектілерін салуға, жарақтандыруға (жабдықтарды өндіруді (құрастыруды) қоса алғанда) және (немесе) оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған жабдықтар мен бөлшектердің жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату	ПГ";

б) 4.2-кіші бөлімнің 4.2.1-тармағы мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Мөлшерлемелері Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тауарларға қатысты кедендік әкету бажын қолданбау	НС";
---	------

в) 4.4-кіші бөлімнің 4.4.1-тармағы ЛО коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясына әкелінетін асыл тұқымды ірі қара малға; асыл тұқымды шошқаларға; асыл тұқымды қойларға; асыл тұқымды ешкілерге; асыл тұқымды жылқыларға; асыл тұқымды құстарға (асыл тұқымды жұмыртқаларға); асыл тұқымды балықтарға; асыл тұқымды бұқалардан, асыл тұқымды шошқалардан, асыл тұқымды қойлардан, асыл тұқымды ешкілерден, асыл тұқымды айғырлардан алынған тұқымдарға (ұрықтарға); асыл тұқымды ірі қара малдан, асыл тұқымды шошқалардан, асыл тұқымды қойлардан, асыл	ЛЯ".
--	------

тұқымды ешкілерден, асыл тұқымды жылқылардан алынған эмбриондарға; асыл тұқымды балықтардан алынған жас шабақтар мен эмбриондарға қатысты 10% мөлшерінде ҚҚС мөлшерлемесін қолдану	
--	--

3. Құжат түрлері мен мәліметтер сыныптауышында (8-қосымша):

а) 1-бөлімде:

01021 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"01022	Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің авиация департаменті берген азаматтық ұшқыпсыз ұшатын аппараттар мен авиамодельдерді Беларусь Республикасына әкелуге рұқсатнама (Беларусь Республикасы үшін)
01027	Тауарларға арнайы шаралар қолданылмайтын құжат (Беларусь Республикасы үшін)
01128	Тауарларды әкетуге келісуді растайтын құжат (Беларусь Республикасы үшін)";

01163 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"01164	Ресей Федерациясының шет мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастығын дамыту туралы шарттар шеңберінде ресімделген Ресей Федерациясына әкелуге (Ресей Федерациясынан әкетуге) арналған әскери мақсаттағы өнімдердің тізбелерінен үзінді көшірмелер (Ресей Федерациясы үшін)";
--------	---

б) 9-бөлімде 09057 коды бар позициядағы "қосу туралы куәландырушы" деген сөздер "қосуды растайтын" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Өндіріп алуы кедендік органдарға жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлем түрлерінің сыныптауышында (9-қосымша):

а) 1-бөлім мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге қатысты алынатын кедендік баж	2270";
---	--------

б) 2-бөлімде:

2.1-кіші бөлім 1030 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Электрондық сауда тауарларын шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасағаны үшін кедендік алымдар	1100";
---	--------

2.3-кіші бөлім 3150 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс әкетілетін	3160";
---	--------

электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж	
--	--

2.4-кіші бөлім мынадай мазмұндағы 2.4.23 – 2.4.25 тармақтармен толықтырылсын:

"2.4.23. Этил спиртінің (этанол) фармацевтикалық субстанциясына акциз	4410
2.4.24. Никотинді шикізатқа акциз	4420
2.4.25. Қыздыруға арналған никотин құрамды темекісіз қоспаға акциз	4430".

5. Валюта сыныптауышында (23-қосымша):

а) 932 коды бар позиция "8" деген сілтеме белгісімен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"924	ZWG	Зимбабве алтыны";
------	-----	-------------------

в) 7-сілтемеден кейін мынадай мазмұндағы 8-сілтемемен толықтырылсын:

"8 2024 жылғы 31 тамыздан бастап қолданылмайды.".

6. Жол көлік құралдары маркаларының сыныптауышы (26-қосымша) 758 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"759	BORGWARD
760	DENZA
761	JMC
762	NSU
763	YTO
764	YUEJIN
765	ZOTYE
766	TADANO FAUN".